

**«6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нуров Мархаббат Мешитбековичтің «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын</p>	<p>Автордың ұсынып отырған диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңда мемлекеттің, қоғамның және діннің өзара іс-қимылының қазіргі саяси және әлеуметтік-мәдени контексттерінің ерекшеліктері аясында көкейкесті болып табылады. Сондықтан қазіргі кездегі зайырлылықты ұстанатын ел үшін, оның азаматтарының ешбір құқықтары шектелмей, еркін өмір сүруі мен ар-ождан еркіндігін жүзеге асыру өте маңызды мәселе. Қоғам әртүрлі көзқарастармен ерешеленетін адамдар тобының біртұтас бірлестігі ретінде көрінсе, сол тұтастықтың қауіпсіздігі мен бүтіндігін сақтайтын мемлекеттік идеология болуы қажет. Яғни, осы мәселені саясаттанулық талдау арқылы жан-жақты зерделеу аса қажетті.</p> <p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламалармен өте тығыз байланысты. Олардың қатарында «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелеріне және өзге де нормативтік құжаттармен өзара байланысты.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының қолдауымен автор жүргізген халықтың діндарлық көрсеткіштерін анықтауға бағытталған екі әлеуметтік зерттеу материалдарына негізделі отырып жазылды.</p>

		көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы және ұсынған тұжырымдары қазақстандық саяси ғылымның дамуына өз үлесін қосады деп сенемін. Себебі, зерттеу жұмысында докторант еліміздегі зайырлылық пен діндарлық мәселесіне саясаттанулық талдау жасап, оның азаматтардың қоғамдық өміріндегі көріністерін сипаттаған. Дәстүрлі институттардың зайырлылыққа деген тұрақты тенденциясы қазіргі өркениеттердің ықпалына тап болған көптеген қоғамдардың ерекшелігі болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, еліміздегі мәдени-рухани, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуде, халыққа ұсынылып отырған әлеуметтік бағдарламалардағы діннің мәні, сонымен қатар діни жағдайды реттеуде қажеттілігі өзінің қазіргі заманғы рухани әлеуметтік әлемдегі ең өзекті мәселелердің бірі екендігін көрсетеді. Бұдан жұмыстың қазіргі саяси ғылым үшін құндылығын аңғаруға болады.</p> <p>Осы орайда Нуров Мархаббат Мешитбековичтің «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы бүгінгі таңдағы саясаттану ғылымы үшін әлі зерттелмеген тақырып. Себебі зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдаған ғылыми еңбектері өте аз.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмысты өзі жазу қағидаты жоғары деп бағалауға болады. Зерттеу жұмысы дербес орындалған және өзекті тақырыпты қозғаған. Ізденушінің осы жұмысы отандық саясаттану ғылымына және Қазақстанның осы саладағы мемлекеттік саясатын дамытуға қосатын үлесі зор деп толығымен бағалауға болады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы Қазақстан азаматтарының діни дүниетанымы тәуелсіздік алғаннан бері өзгеруде және бұл жағдай, атап айтқанда, ел дамуының қазіргі кезеңіндегі зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы терең талдауды, атап айтқанда саясаттанулық зерттеудің қажеттігімен сипатталады. Жұмыста Қазақстанның зайырлы қоғам құрудағы негізгі саясатының ролі анықталады, сондай-ақ Қазақстан азаматтарының діндарлығының көрсеткіштерінің ерекшеліктері жан-жақты ашылады.</p> <p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық көлемде айқындайды. Докторант диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық бөлімінде зайырлылық пен діндарлықтың мәні мен тарихи дамуы, сонымен бірге зайырлылықтың қалыптасуының саяси алғышарттары ашылған ұғымдардың тұжырымдамалық аппараты мен операциялды жүйесін анықтайды. Интегративті парадигмалық тәсілдердің қолданылуын</p>

		негіздей отырып, зайырлылық пен діндарлықты зерттеудің әдіснамалық негіздерін зерттеген. Зайырлылық пен діндарлықтың даму процестеріне қазіргі саяси процестерге әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған интегративті әдістерді қолдана отырып, зерттеу тәсілінің әдістемесі әзірленіп, сыналған. Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде Қазақстан азаматтары діндарлығының көріну дәрежесіне дәлелді талдау жасалып, қазақстандық қоғамда зайырлылық көрінісінің ерекшеліктерін анықтаған. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде өзінің ойларын қорытындылап, ұсыныстар дайындаған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың міндеттері «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау» тақырыбына толық сәйкес келеді. Ізденуші алдына алты міндет қойған: – зайырлылық пен діндарлықтың түсінігін, мәні мен тарихи дамуын және оның қалыптасуының саяси алғышарттарын ашу; – зайырлылық пен діндарлықты зерттеудің әдіснамалық негіздерін зерттеу; – зайырлылық пен діндарлықтың қазіргі саяси процестерге әсерін анықтау; – Кеңес кезеңдегі, сондай-ақ Алашорда бағдарламаларындағы зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы үлгілерінің ерекшеліктерін қарастыру; – қазіргі қазақстандық қоғамда діндарлықтың көріну дәрежесіне әлеуметтік зерттеу жүргізу және зайырлылықтың ерекшеліктерін талдау; – зайырлы саясатты іске асыру нәтижелерін және оның қазақстандық қоғамның дамуына әсерін анықтау. Осылайша М.М. Нуров зайырлылық пен діндарлық арақатынасы мәселелерін зерттеуде мақсатына жету үшін міндеттерін логикалық түрде құрастыра білген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Ізденушінің ғылыми жұмысы толық аяқталған диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, алты параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Автор өз зерттеуінің тарауларын бір-бірімен өзара тығыз байланыстыра отыра, жүйелік үлесімділікті сақтаған. Әр тараудың ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте баяндалып, нақты тұжырымдармен дәйектелген. М.М. Нуровтың диссертациялық жұмысы құрылымдылық жағынан толық аяқталған теориялық және қолданбалық маңызы бар ғылыми жұмыс ретінде бағалауға болады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер	Қарастырылып отырған мәселе бойынша автор ұсынған жаңа шешімдер

		(қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	сыни талдау негізінде салыстыра отырып бағаланды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Ізденуші диссертациялық жұмысын жүргізу барысында қол жеткізген төмендегі ғылыми жаңалықтарымен негізделеді: – зайырлылық пен діндарлықтың мәні мен тарихи дамуы, сонымен бірге зайырлылықтың қалыптасуының саяси алғышарттары ашылған ұғымдардың тұжырымдамалық аппараты мен операциялды жүйесі анықталды; – интегративті парадигмалық тәсілдердің қолданылуын негіздеі отырып, зайырлылық пен діндарлықты зерттеудің әдіснамалық негіздері зерттелді; – зайырлылық пен діндарлықтың даму процестеріне қазіргі саяси процестерге әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған интегративті әдістерді қолдана отырып, зерттеу тәсілінің әдістемесі әзірленді және сыналды; – Кеңестік кезеңде, сондай-ақ Алашорда бағдарламаларында зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасының үлгілерін қарастыру ерекшеліктерін анықтауға компаративистік талдау қолданылды; – діндарлықтың көріну дәрежесіне дәлелді талдау жасалып, қазақстандық қоғамда зайырлылық көрінісінің ерекшелігі анықталды; – рухани келісім мен әлеуметтік консолидация жолындағы зайырлы және діни этика, киелі және зайырлы құндылықтар диалогына негізделген зайырлы саясатты іске асыру нәтижелері және оның елдің әлеуметтік, мәдени және зияткерлік дамуына әсері айқындалды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың зерттеу жұмысын жүргізу барысында қол жеткізген нәтижелері бір-бірімен өзара байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес келеді, зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделі отырып табысты орындалған. М.М. Нуровтың «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау» атты диссертациялық еңбегінде көптеген ағылшын, орыс тілдеріндегі еңбектерге талдау жасаған әрбір идеясы мен ойларына нақты сілтемелер келтірген. Сондықтан автордың бұл тақырып аясындағы ізденістері аясында ұсынған тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі ғылыми әдіснамалар мен әдістерді кеңінен

			қолдануынан, қажетті түсында пайдалана білуінен де байқалады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автор қабылдаған барлық шешімдер жартылай жаңа және негізделген деп санауға болады. Диссертациялық жұмыста ғылыми тұрғыдан сарапталған және ғылыми негізге сүйенген тәжірибелік ұсыныстар жасалған, сондықтан ғылыми зерттеу еңбегінің нәтижелерін мемлекеттік конфессиялық саясатты қалыптастыруда, мемлекет-дін қатынастары, конфессиялық саясат бойынша курстар әзірлеуде пайдалануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда әрбір алынған нәтиженің негізділігі мен сенімділігі көптеген автор жүргізген эмпирикалық мәліметтерді оңдеу арқылы дәлелденді. Зерттеудің барлық әдістері қойылған міндеттерге сай келеді. Алынған нәтижелер талқылау мен зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерде бар мәліметтерді ескере отырып жүргізілді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Докторантпен қорғауға бес тұжырым ұсынылды: 1. Зайырлылық процесі діннің өзінде, діни басқару жүйесінде өзгерістер тудырады, бірақ бұл процестер қайтымды және белгілі бір құндылықтар мен көзқарастарды қолдайтын саяси институттар мен топтардың белсенділігіне байланысты. 2. Діндарлық діни сенімді – субъектілер мен қарым-қатынас деңгейлерінің қатынастарын тереңірек сипаттауға мүмкіндік береді. Діндарлық құбылысының мәні, мазмұны мен формалары тарихи жинақталған, жеке сана мен іс-әрекетте орын алатын, әлеуметтік дамудың нақты қасиеттері мен заңдылықтарының жиынтығын көрсетеді. Бұл діндарлықтың мазмұны мен формаларын зерттеудің ұтымды әдістерін қолдануға негіз береді. Жоғары білімі бар және діндарлық деңгейі төмен қала тұрғындарының иррационалды практикаларға жүгіну көрсеткіштері жоғары көрсеткіштерді көрсетеді. 3. Қазақстандағы зайырлылықтың өзіндік ерекшеліктері мен даму тенденциялары бар және қоғамның жаһандану және модернизациялық процестерімен айқындалады, олар өзара байланысты және бір-біріне параллель жүреді. Зайырлылық пен жаһандану негізінен қазақ қоғамында құрылған зайырлы еуропалық және батыстық білім беру жүйесіне байланысты болды және, ең алдымен, азаматтардың белгілі дәрежеде жоғары білімі бар бөлігінде өтті. 4. Діндарлық оның құрылымдық элементтерінің табиғатын зерттеуге бағытталған әдістер арқылы келесі көріністерде зерттелді: діни сана конфессияларды, жеке және бұқаралық сана деңгейіндегі негізгі идеялар

			<p>мен қоңіл-күйлерді талдау арқылы, сондай-ақ мүмкіндіктерді талдау арқылы анықталған мінез-құлық формаларының негізі болып табылады. Алынған мәліметтерге сәйкес, азаматтардың діндарлығына білім мен оның деңгейлері әсер етеді.</p> <p>5. Ғылыми әдебиеттерде модернизация әрдайым діндарлық пен зайырлылықтың жоғалуымен бірге жүреді деген тезис аксиома ретінде беріледі. Сонымен бірге, жағдай соншалықты қарапайым және біркелкі емес: қазіргі әлемде зайырлылықтың төмендеуі де, дінге деген қызығушылықтың артуы, сондай-ақ фундаментализмнен бастап жаңа нанымдарға дейінгі әртүрлі нұсқалардағы айқын тенденциялар бар.</p> <p>Зерттеу нәтижелері 14 ғылыми жұмыста көрініс тапты, соның ішінде Scopus мәліметтер базасына кіретін «European Journal of Science and Theology», «Социологические исследования» атты халықаралық ғылыми басылымдарда – 2 мақала (78 және 46 процентиль), ҚР ІЖБМ БҒСБК ұсынатын ғылыми басылымдарда – 6 мақала, халықаралық конференциялар материалдары мен отандық және алыс шетелдер басылымдарында 7 ғылыми мақалаларда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде апробациядан өтті.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертант зерттеудің мақсатына жетіп, міндеттерін орындау үшін әртүрлі әдістерді кешенді қолдана білген. Әлеуметтік сауалнама (онлайн форматта <a href="http://www.surveio.com">www.surveio.com</a> платформасында) екі кезеңде жүргізілген:</p> <p>1. 2019 жылдың ақпан-наурыз айларында сандық сауалнама жүргізу, бұл кезеңде 17 мен 68 жас аралығындағы 1387 респондент қатысқан (толық аяқталған 800 сауалнама талданған).</p> <p>2. 2021 жылдың ақпан-наурыз айларында аралас үлгіні қолдана отырып, сандық сауалнама жүргізу. Екінші кезеңде Қазақстанның 18 ірі қаласынан 475 респондент іріктелген. Жұмыста саясаттану, әлеуметтану және тарихи, мәдени, философиялық әдістер мен тәсілдер арқылы зайырлылық процесі мен діндарлық мәселесін зерттеуге мүмкіндік беретін пәнаралық принцип қолданылады</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалану арқылы және деректерді өңдеу әдістемелерін статистикалық өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып алынды. Сандық зерттеу әдісінде компьютерлік технологиялар пайдаланды. Мәліметтер базасын өңдеу кезінде IBM SPSS Statistics 26 бағдарламасын қолданған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысы зайырлылық пен діндарлықтың теориялық тұжырымдамаларын терең жан-жақты талдауға негізделген. Теориялық талдаудан алынған, өзара байланыста және заңдылықтарда анықталған барлық қорытындылар дәлелденген және эмпирикалық зерттеулермен расталған. Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының қолдауымен автор жүргізген халықтың діндарлық көрсеткіштерін анықтауға бағытталған екі әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері қолданылды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді әдебиеттерге тиісті сілтемелер арқылы расталады.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Ізденуші зерттеу жұмысында 251 әдебиетке сілтеме жасаған. Диссертант пайдаланатын әдебиет көздері өзекті және зерттеу тақырыбын ашады, бұл мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды, зерттеу әдіснамасын салыстыруға жағдай туғызады. Пайдаланылған дереккөздік базасын мұрағат қорларының материалдары, құжаттар жинақтары, съездердің қарарлары мен қаулылары, ҚР мемлекеттік заңнамасының актілері, статистикалық материалдар, отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері, мерзімді ғылыми басылым материалдары, интернет-ресурстар, мемуарлық еңбектер, анықтамалық сипаттағы материалдар мен энциклопедиялар құрайды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының тақырыбы әлемдік және шет елдік ғылымда бұрыннан зерделеніп келе жатқандығын атауға болады. Алайда Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасы алғаш рет терең зерттелінуі ғылыми тұрғыда үлкен жаңалығы бар көлемді еңбек ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы ғылыми еңбектің ең басты ғылыми-теориялық жаңалығы мен маңыздылығы ретінде докторанттың аталмыш салалардағы шетелдік және отандық ғылыми түсініктердің ерекшеліктерін ажыратып бергендігін айтуға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеулер нәтижесінде дайындалған практикалық мәні бар және оны дін саласындағы мемлекеттік саясат саласындағы бағыттарды жетілдіру үшін тиімді шешімдер қабылдауға болады</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p>	<p>Осы диссертациялық еңбекте алынған нәтижелер мен практикаға арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі оларды</p>

